04.10.2019-ғы № 03-18/4366 шығыс хаты

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ “ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«_____» _____ 2019 жыл **№ _____**

«Baysic СТРОЙ» ЖШС – не

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 26.09.2019 жылғы №55098 санды өтінішіңізге сәйкес, Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* ұйымдастырылған №3561041-1 «Түркістан облысы Шардара қаласын абаттандыру жұмыстары» ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен, конкурстық комиссия тарапыпан ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 150 тармағы 1 – тармақшасының талаптары сақталмай, әлеуетті өнім беруші "ТехСтрой-Инженер" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148665-ОК1, 27148529-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "ӨМІРЗАҚ" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148665-ОК1, 27153175-ОК1, 27148529-ОК1, 27148691-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "Құрылыс-сервис-СК" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27153175-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "J.C invest group" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148691-ОК1 лоты бойынша конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілгені, ал, әлеуетті өнім беруші «Baysic СТРОЙ» ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148665-ОК1, 27153175-ОК1, 27148529-ОК1, 27148691-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілгені анықталды.

Сонымен қатар, камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім берушілер "ТехСтрой-Инженер" ЖШС, "ӨМІРЗАҚ" ЖШС, "J.C invest group" ЖШС тарапынан ұсынуға жол берілетін ең төменгі бағадан төмен демпингтік бағалар ұсынылғаны анықталды.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелер өз дәлелін тауып, Ұйымдастырушыға «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы» хабарлама жолданды.

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орынд.:Д.Баймадиев

04.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Келіс.: А.Байкуанышов

04.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)